

«АЛЫСТАН ӨСЕ БЕРЕР ТҰЛҒАЛАНЫП...»

(К. Байсейітованың қайтыс болғанына жыл толғанда)

*Өмірдің өзенінде жылдар ағып,
Келешек келе берер күн жаңарып.
Жақыннан кейде оны байқамасақ,
Алыстан өсе берер тұлғаланып...*

Сырбай



Ұлттық көркемөнеріміздің мақтанышы, қазақ сахнасының ұлы өнерпазы Күләш дүниеге таңшолпандай жарқырап келді. Табиғат оның тұлғасын құюда жомарттық жасады. Күләшқа бояуы мол, күмістей сыңғырлаған таза дауыс беріп қана қойған жоқ, ажарлы көрік, танадай жарқыраған қарақат көз, сұлу мүсін берді. Күләш шын мәнісінде сахна үшін жаратылған жан еді.

Күләштің артистік ерекшелігі көзге бірден түсетін. Қазақ опера театрында әншілік өнерді терең драматизммен дәл Күләштай тоғыстыра білген актер шамалы. Бұл тамаша қасиет Күләш ойынына ерекше еркіндік, әсемдік сипат беретін. Оның сахнаға алғаш шыққандағы лебізінен-ақ қаһарманының мінез-құлқын, жан-күйін ұға бастайтынсың. Күләш өнерінің осы бір

ерекшелігін Қазақ көркемөнерінің 1936 жылы Москвада өткен декадасы кезінде орыс сахна қайраткерлері аса жоғары бағалап еді.

Композитор Держинский Күләштің орындауындағы қазақ әндерінің терең сырлылығын айтса, Глиэр: «...өз көркемөнерін жасауда мұндай әншілері бар халық бақытты ғой» деп жазған. Жазушы Всеволод Иванов, ақын Демьян Бедный, қазақ музыкасының үлкен досы А. В. Затаевич актерлеріміздің шеберлігін сөз еткенде Күләш есімін жеке дара атады.

Қазақтың тұңғыш музыка театр актерлерінің ішінде, әсіресе, Күләш алғашқы кезде де, кейін де халық өнерпаздарынан сусындады. Қазақ опера театрының өзіне ғана тән осы бір ерекшелігі оның алғашқы өкілдері: Күләш, Құрманбек, Қанабек, Ғарифолла ойындарынан айқын көрінеді. Вокалдық өнерді психологиялық драматизммен шендестіру, қабыстыра білу – опера театрымыздың өзіндік өнерпаздық беті. Осы стильді қалыптастырушы, оны өркендетушілердің аса көрнекті өкілі Күләш еді.

Қазақтың советтік театр өнерінің тууы, қалыптасу жолы сан ғасырлық мәдениеті бар орыс, армян, грузин, тіпті, бауырлас өзбек халқының сахна

өнерінің тағдырынан мүлде өзгеше. Ол – халықтар театрының бай тәжірибесі, талай сыннан өткен өнерпаздық әдісі болса, біздің Күләш, Қалыбек, Құрманбек, Елубай, Серке солардың бәрін тыңнан бастады. Күләш солардың ішінде қазақтың ұлттық опера өнерінің пионері болды. Оның талантының осы бағытта жарқырай ашылуына совет шындығы, ұлы Коммунистік партия зор мүмкіншілік туғызды.

Біздің опералық шығармаларымыз көбіне тарихи-эпостық тақырыпқа құрылып жүр. Олардың музыкасы түгелге жақын халық әндеріне негізделген. Халық ортасынан шыққан Күләшқа операларымыздың бұл қасиеті табиғи жақын, аса қымбат еді. Мұндағы адам типтері Күләштің «таныс, бейтаныстары» болатын. Оның үстіне Күләш ескі ауылдың әдет-ғұрпын да жақсы білетін. Ақындар айтысын, шілдехана, алтыбақандарды көп көрген, сауық-ду-манға жиі араласқан, халық әндерін бар әсем нақышында шырқай білетін Күләш Жібек пен Бекежан арасындағы қақтығыс күйлерін, Жібек пен Төлегеннің әзілін, қайын жұрты алдында мұң-зарын шаққан Ажар жанын, азаттық көксеген, асыл жар аңсаған ақын Сара трагедиясын терең сезіне білді.

Күләш ойынындағы еркіндік тек талантпен ғана келген жоқ, актрисаның өмірді жақсы білуі де бұған септігін тигізді. Күләш қаһармандарының өмірін, солар өмір сүрген заманның сыр-сипатын талмай зерттейтін, сарыла ойланатын ойшыл суретші еді. Ол жасаған сахналық тұлғаларының ұлттық бояуының қанық болуы да осыдан. Күләш – сонымен бірге, сөз қадірін білетін, ана тілімізді ерекше сүйген, оның тазалығы үшін күрескен адам. Оның аузынан шыққан әрбір сөз залдың қай қиырындағы көрерменге де анық естілетін және әр сөзінде жүрекке жылы тиетін сүйкімді бір лебіз, сыр бардай еді.

Зор талант иесі, өмірден көргені, оқығаны көп Күләш әрбір рөлін асқан шабытпен ойнайтын. Оның артистік өнеріне суырыпсалма ақындарға тән күй де жат емес-ті. Сондықтан Күләш ойынынан әр кез жаңалық табатынбыз. Сан рет ойналған рөлдерге жаңа бояулар енгізіп, жасартып отыру Күләштің өнерпаздық әдісіне айналған еді.

Қазақ операсында Жібек, Ақжүніс, Хадиша, Сара, Ажар, Татьяна, Мадам Баттерфляй тұлғаларын тұңғыш жасаушы – Байсейітова Күләш соңына асыл мұра, өшпес із қалдырды. Ол қазақ халқын ғажап сырлы опера өнеріне баулыды, оның классикалық түрлерін тыңдауға үйретті.

Совет Одағының халық артисткасы, Сталиндік сыйлықтардың лауреаты Байсейітова Күләш тамаша өнерпаз ғана емес, сонымен бірге жалынды қоғам қайраткері болатын. Ол өз өнерін Совет халқына арнады, мемлекет қайраткері ретінде ел-жұртына талмай қызмет етті. Жарқын өнерімен де, қоғамдық сол еңбегімен де ол туған халқының сүйіспеншілігіне бөленген.

Күләш ұлы өнер иесі бола тұра барынша кішіпейіл, қарапайым адам еді. Ол жас талапкерлердің өсуіне әркез көмектесумен, өзінің мол тәжірибесін ортаға салумен, ұстаздық етумен болды.

Күләш есімі халық жүрегінде мәңгі сақталады, оның бұлбұл үнін болашақ ұрпақтар да естір де, бізше сүйсінер!